

СПИД ҒАСЫР ДЕРТІ

ЖИТС


▣ **Жүре пайда болған (ЖИТС, СПИД ағылш. *AIDS*) иммундық дефицитінің синдромы** - Вич фонында дамитын күй - лимфоциттердің құлау сипаттайтын CD4+нің саны, көптік оппортунистік инфекциялар, инфекция емес және ісік ауруларымен (Human immunodeficiency virus, HIV ағылшынша) инфекция.



Инфекция көзі

Вирус жұққан адам — вирус тасымалдаушылар, ЖИТС-пен ауырған адамдар инфекция жұқтыру көзі болып табылады. Ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан әсіресе вирус тасымалдаушылар өте қауіпті. Вирус көп мөлшерде қанда, спермада, қынап кілегейінде, емшек сүтінде болады. Көз жасында, жұлын сұйығында, сілекейде өте аз мөлшерде болуы мүмкін. *ЖИТС (СПИД) ауруына көбінесе нашақорлар шалдығады*

ПОХОРОНИ НАРКОТИКИ



ИЛИ ОНИ ПОХОРОНЯТ ТЕБЯ

«УСНСКАЯ НОВЬ»
www.usnov.ru

И.И.И.И.И.И.И.И.
«УСНСКАЯ НОВЬ»

ИНФЕКЦИЯ КӨЗІ

- Жұғу жолдары.
Медицинада дәлелденуі бойынша, ЖИТС-тің қазіргі кезде негізгі жұғу жолдары мынадай:
- — жыныстық қатынас;
- — вирустың бірден қанға түсуі (әртүрлі инъекциялар жасаған кезде т. б. жағдайларда);
- — анасынан нәрестеге жұғу арқылы.



- Жыныстық жол негізгі жұғу жолы болып табылады. ЖИТС адамдарға 80% жағдайында осы жолмен, яғни гетеросексуальдық (еркек-әйел) және гомосексуальдық (еркек-еркек) жыныстық қатынас кезінде жұғады. Ең қауіптісі — гомосексуальдық анальдық қатынас, өйткені партнерлердің жыныс мүшелерінің терісі, шырышты қабатының жарақаттануы жиі болады.



▣ ПРОФИЛАКТИКАНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ — ЖИТС ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАП, ЖҰҒУ АРНАСЫН СЕНІМДІ ТҮРДЕ ЖАУЫП ТАСТАУ. ОСЫ МАҚСАТТА КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДЕ МЫНАДАЙ ШАРАЛАР ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР: ХАЛЫҚТЫҢ (ТҮРҒЫНДАРДЫҢ) КЕЙБІР ТОПТАРЫН СӨЗСІЗ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕН ӨТКІЗУ; ДОНОРЛЫҚ, ҚАНДЫ, СПЕРМАНЫ, ОРГАНДАРДЫ ТЕКСЕРУ; ГЕМОФИЛИЯМЕН АУЫРАТЫНДАРДЫ, НАШАҚОРЛАРДЫ, ГОМОСЕКСУАЛИСТЕРДІ, ЖЕЗӨКШЕЛЕРДІ ТЕКСЕРУ; АУЫРҒАНДАРДЫ АРНАЙЫ АУРУХАНАҒА ЖАТҚЫЗУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ; СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ; ЖИТС-ПЕН АУЫРҒАНДАРҒА КОНСУЛЬТАЦИЯ ЖӘНЕ КӨМЕК БЕРЕТІН КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ; ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР, КАБИНЕТТЕР АШУ Т. Б.

-
- Жеке бас профилактикасы қарапайым әрі денсаулық үшін ұтымды. Оларға мыналар жатады:
 - — салауатты, әдепті өмір сүру;
 - — кездейсоқ жыныстық қатынастан және гомосексуалист, жезөкшелермен жақындасудан сақ болу (жыныстық партнер көп болған сайын ЖИТС жұқтыру қаупі арта түседі. Г. В. Сколубовичтің. (1989) айтуы бойынша, «Жыныстық тәртіпсіздік, нашақорлық және жезөкшелік — ЖИТС вирусын жұқтыру кепілі»);
 - — стерильденбеген немесе кездейсоқ біреудің шприцін, қайшысын, сақал алғышын және басқа да құрал-жабдықтарын пайдаланбау;
 - — әсіресе терісі, шырышты қабаттары зақымданған жағдайда бөтен біреудің қанымен, бөлінділерімен жанасудан абай болу;
 - — презервативті дұрыс пайдалану (ол ЖИТС-тен қорғайды);
 - — қан құйғанда немесе донор қанынан дайындалған препараттар қабылданғанда олардың АИВ-ке тексерілгеніне көз жеткізу (ол үшін қолданылған қанның сериялық нөмерін жазып алыңыз);
 - — маникюр, педикюр жасайтын құралдардың стерильдігіне көңіл аудару;
 - — ЖИТС вирусын жұқтырып алдым-ау деген күмәнді жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну.

- **КЕЗ-КЕЛГЕН АЗАМАТ АИВ-ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ЖҰҚҚАН-ЖҰҚПАҒАНДЫҒЫН АНЫҚТАУ ҮШІН АЛМАТЫДА, АСТАНАДА, ЕЛІМІЗДІҢ БАСҚА ДА ІРІ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ОБЛЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНДА АШЫЛҒАН ЛАБОРАТОРИЯЛАРҒА БАРЫП ТЕКСЕРІЛУІНЕ БОЛАДЫ.**



-
- **ҚАЗАҚСТАНДА ВИЧ ЖҰҚПАЛЫ ИНДЕТІНІҢ ТАРАЛУЫ ЖАЛҒАСУДА. СПИД ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША, 2009 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАЗАНЫНДА РЕСПУБЛИКАДА 13310 ВИЧ ЖҰҚТЫРҒАНДАР ТІРКЕЛГЕН, ОЛ 100 МЫҢ АДАМҒА ШАҚҚАНДА 71,5 КӨР СЕТКІШТІ ҚҰРАЙДЫ. СПИД-ТІҢ ДИАГНОЗЫ 938 ПАЦИЕНТКЕ ҚОЙЫЛҒАН. ЕЛІМІЗДЕ ВИЧ ЖҰҚТЫРҒАНДАРДЫҢ САНЫ, СОЛ СИЯҚТЫ ҮДЕМЕЛІ СПИД ЖҰҚПАСЫНАН ҚАЙТЫС БОЛҒАН АДАМДАРДЫҢ САНЫ ЖЫЛ САЙЫН АРТЫП ОТЫР.**



ҚАЗАҚСТАНДА ЖИТС-ПЕН КҮРЕСУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- Қазақстанда осы қауіпті ауруға қарсы күрес жүргізу мақсатымен мамандандырылған жаңа қызмет жүйесі құрылды. Оның құрамына республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-ке қарсы күресу және аурудың алдын алу орталықтары, диагностикалық лабораториялар мен анонимдік кабинеттер кіреді. Осындай қызмет жүйесінің күнделікті жұмысын Республикалық ЖИТС-тен сақтандыру комитеті басқарады. Бұл комитеттің ең басты мақсаты — ЖИТС вирусын жұқтырған адамды табу, оны тексеру және емдеуді жоспарлы түрде ұйымдастыру. Жоғарыда аталған ЖИТС орталықтары ұйымдастырушы, тәсілдеуші және емдеуші мекемелер ретінде жұмыс атқарады. Қазіргі кезде республикамызда ЖИТС-тен қорғану жөнінде жұмыс жүргізетін 20 орталық және 80 лаборатория бар. Олардың жұмыс бағыттары мынадай:
- 1. Вирус жұғу мүмкіндігі бар «қатерлі топтарға» (группы риска) жататын адамдарды тексеріп, вирус жұққан адамдарды дер кезінде тауып отыру;
- 2. Ауру ошағын анықтап, дәрігерлік бақылауға алып, вирустың әрмен қарай тарауына, яғни басқа адамдарға жұғуына мүмкіндік бермеу жұмыстарын ұйымдастыру.

СПИД-ТІ ЕМДЕУДІҢ ЖАҢА ЖОЛДАРЫ

- Дүниежүзілік ғылыми қоғамдастық қазіргі кезеңде ВИЧ жұқпасын емдеуге арналған 30-ға жуық антиретровирустық препараттарды (АРП) ойлап тапты. Олардың сапасын жақсарту жұмысы жалғасуда, себебі тиімді емдеудің кепілі АРП-ны дұрыс тағайындау болып табылады, ол минималды қосалқы әсер етеді, сондай-ақ бұл дәрі-дәрмектерге тұрақтылық туғызбауы керек. 2009 жылдан бастап ВИЧ-тің өзгергіштігін және дәрі-дәрмекке сезімталдығының жоқтығын зерттеумен СПИД РО ғылыми бөлімі де айналыса бастады. Антиретровирусты терапиядан тиімді нәтиже алмаған пациенттерге, олардың ішінде балаларға республиканың әртүрлі аймақтарында тест жүргізіледі. Егер, бұрын осы зерттеу енгізілгенге дейін, препараттар үйлесімі негізсіз өзгертіліп отырса, енді дәрілік затты негіздеп өзгертуге мүмкіндік бар.
- Қазіргі уақытта республикада 15 антиретровирустық препараттар тіркеліп, қолданылуда. Терапияны бағытталған түрде өзгертуден басқа, пациенттер тиімді емделетін дәрілік заттардың спектрін кеңейту жобалануда. ВИЧ СПИД-ті емдеу үшін ең жаңа технологияларды жасау және қолдану бойынша соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулер ВИЧ жұқтырған адамдарға сапалы көмек береді деген үміт бар.



